



БЕКІТЕМІН

Астана қ. әкімдігінің «Қалалық
психикалық денсаулық орталығы»
ЦЖК МКК директоры

К.С.Алтынбеков

2026 ж.

Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Осы Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 220-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі алқасының 2024 жылғы 22 қарашадағы отырысы хаттамасының 5-тармағына, сондай-ақ 2025 жылғы 09 қазандағы ҚПДО директорының бұйрығына сәйкес әзірленді және Қалалық психикалық денсаулық орталығындағы Бейімдеу және тәлімгерлік орталықтарының мақсаттарын, қызметін ұйымдастыруды, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ жауапкершілігін айқындайды.

Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – ҚПДО) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

3. Орталық медициналық ұйымда құрылады және оның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4. Орталық өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге және медициналық ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

5. Орталық қызметінің негізгі мақсаты – дәрігерлерді, орта және кіші медицина персоналын қоса алғанда, медицина қызметкерлері үшін кәсіби бейімдеу және тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру, олардың біліктілігін, кәсіби құзыреттілігін арттыру және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсарту.

6. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Орталық келесі қызмет бағыттарын жүзеге асырады:

- 1) бейімдеу;
- 2) тәлімгерлік;
- 3) кәсіби дағдыларды дамыту;
- 4) психологиялық қолдау;
- 5) бағалау және мониторинг.

7. Орталық өз қызметін медициналық ұйымның бейінді құрылымдық бөлімшелерімен, білім беру ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық және кәсіби бірлестіктермен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

2. Орталықтың қызметін ұйымдастыру

8. Орталыққа басшылықты Орталық басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға жүзеге асырады.

9. Орталықтың штат құрамына:

1) бағыттар бойынша үйлестірушілер (бейімдеу, тәлімгерлік, оқыту, психологиялық қолдау);

2) тәлімгерлер (іріктеу критерийлеріне сәйкес айқындалады) кіреді.

3. Орталықтың функциялары мен өкілеттіктері

1. Орталықтың функциялары:

1) жас мамандарға арналған тәлімгерлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) жаңа қызметкерлерді бейімдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кіріспе тренингтер, корпоративтік мәдениетпен, медициналық ұйымның құрылымымен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру, тренингтер мен экскурсиялар өткізу;

3) тәлімгерлер пулын қалыптастыру, олардың қызметін үйлестіру, тәлімгерлердің қамқорлығындағы қызметкерлермен тұрақты кездесулерін қамтамасыз ету, жас мамандарды сүйемелдеу;

4) диагностика, емдеу және басқару дағдыларының заманауи әдістері бойынша мамандандырылған тренингтер мен оқытуды ұйымдастыру, жаңа технологиялар мен медициналық көмек стандарттарын қолдануды қамту, тәжірибе алмасу үшін тұрақты кездесулер, семинарлар мен тренингтер өткізу;

5) психологиялық қолдау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, оның ішінде күйзелісті төмендету және эмоциялық күйіп кетудің алдын алу мақсатында кәсіби психологтармен жеке консультациялар мен топтық сессиялар өткізу;

6) бейімдеу және тәлімгерлік бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу және бағалау, жас мамандардың құзыреттерінің дамуын тұрақты бағалау;

7) Орталық өткізетін іс-шаралар бойынша құжаттаманы жүргізу;

8) атқарылған жұмыстар туралы есептер дайындау және тәлімгерлік бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

12. Орталықтың:

1) тәлімгерлік және бейімдеу бойынша жаңа бағдарламаларды әзірлеуді бастамашылық ету;

2) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату;

3) оқыту іс-шараларын өткізу үшін сыртқы сарапшылар мен мамандарды тартуға құқығы бар.

13. Орталық:

1) тәлімгерлік және бейімдеу бағдарламаларын уақтылы және сапалы іске асыруды қамтамасыз етуге;

2) өз қызметі туралы есептілікті ұсынуға;

3) құпиялылық талаптарын және дербес деректерді қорғауды сақтауға міндетті.

4. Жауапкершілік

14. Орталық осы Ережеде көзделген қызметтің негізгі бағыттары мен функцияларын сапалы орындау үшін жауапты болады.

15. Орталық басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, сондай-ақ Орталық қызметкерлері ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен тәлімгерлік және бейімдеу бағдарламалары шеңберіндегі өз қызметінің нәтижелері үшін жауап береді.

5. Қорытынды ереже

16. Осы Ереже ұйым басшысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

17. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.